



*2024 – 2025 оқу жылына*  
**ҚАЗАҚ СПОРТ ЖӘНЕ ТУРИЗМ**  
**АКАДЕМИЯСЫНЫҢ**  
*Магистратураның білім беру*  
*бағдарламаларына қабылдау*



## ***Магистратурада оқудың артықшылықтары:***

1. Бакалаврды даярлау бағыты бойынша мемлекеттік білім беру грантын өтеуден босату.
2. Мансаптық өсу және жоғары оқу орындарына жұмысқа орналасу мүмкіндігі.
3. Үздік түлектер докторантурада одан әрі оқу мүмкіндігімен ҚазСТАға жұмысқа орналасады.
4. Таңдалған спорт түрінен жаттықтырушылардың Жоғары мектебінің қосымша дипломын алу мүмкіндігі бар.

**ҚазСТА магистратурасына қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейіндік бағыттар бойынша кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де табыс көздері есебінен оқуға ақы төлеу арқылы жүзеге асырылады**

Білім беру бағдарламалар тобы		Білім беру бағдарламасы		КТ			
Код	Атауы	Код	Атауы	КТ жалпы пәндері		БББ тобының пәндері бойынша	
<b>7M01 - Педагогикалық ғылымдар</b>							
<b>M005</b>	Дене шынықтыру педагогтерін даярлау	7M01401	Дене шынықтыру және спорт	Шет тілі	Оқуға дайындығын анықтау	Педагогика	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі
<b>M005</b>	Дене шынықтыру педагогтерін даярлау	7M01402	Дене шынықтыру және спорт			Педагогика	Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі
<b>7M11 - Қызмет көрсету</b>							
<b>M147</b>	Туризм	7M11101	Туризм	Шет тілі	Оқуға дайындығын анықтау	Экскурсиятану	Туризм негіздері

# МАГИСТРАТУРА

**Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратура**  
Білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдар үшін тереңдетілген ғылыми-педагогикалық және зерттеу даярлығы бар ғылыми және ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады (мемлекеттік білім беру тапсырысы (грант) және ақылы негізде оқиды).

**Бейінді бағыт бойынша**  
дене шынықтыру және спорт үшін тереңдетілген кәсіптік даярлығы бар басқарушы кадрларды даярлау бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асырады (ақылы негізде оқиды).

## ҚазСТА магистратура түлектерінің мансаптық өсу перспективасы

	«Дене шынықтыру және спорт» БББ Магистрі	«Туризм» БББ Магистрі
<b>Мақсаттары</b>	Жоғары білікті мамандарды, еңбек нарығында сұранысқа ие бәсекеге қабілетті ғылыми-педагогикалық және жаттықтырушы кадрлар даярлау.	Түлектерді Алматы қаласы, Алматы облысы және Қазақстан Республикасы экономикасының түрлі салалары мен салаларының кәсіпорындарында өндірістік-басқару қызметіне, сондай-ақ өңірдің, мемлекеттің туризм саласын басқаруға және реттеуге байланысты қызметке дайындау.
<b>Кәсіби қызмет саласы:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- білім;</li> <li>- дене тәрбиесі;</li> <li>- спорт (бұқаралық спорт түрлері, балалар-жасөспірімдер спорты, паралимпиадалық спорт).</li> <li>- дене шынықтыру құралдарымен халықты сауықтыру;</li> <li>- мемлекеттік басқару органдары және федерациялар;</li> <li>- спорт менеджменті.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Білім;</li> <li>- Туризм</li> </ul>
<b>Кәсіби қызметінің объектілері:</b>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- ЖОО-лардың, колледждердің дене тәрбиесі кафедралары, білім беру мекемелері, ЖОО-лар, спорт клубтары;</li> <li>- мемлекеттік және жеке коммерциялық ұйымдар: департаменттер, комитеттер, агенттіктер, дене шынықтыру және спортты басқару органдары, фирмалар, балалар спорт мектептері, жоғары спорт шеберлігі мектептері;</li> <li>- ғылыми-зерттеу мекемелері: дене шынықтыру және бұқаралық спорт түрлері саласындағы академиялар, институттар, зертханалар, дене және психикалық денсаулық проблемаларын зерттейтін сауықтыру, оңалту, медициналық-биологиялық, спорт, қалпына келтіру орталықтары.</li> </ul>	<ul style="list-style-type: none"> <li>- Ғылыми-зерттеу мекемелері;</li> <li>- Мемлекеттік басқару органдары;</li> <li>- Оқу орындары және басқалар.</li> </ul>

**Магистратураға түсу емтихандарын өткізу тәртібі**  
**Магистратураға түсушілер өтініштерін қабылдау ҚазСТА қабылдау комиссиясы және Ұлттық тестілеу орталығының сайтында жүргізеді**  
**<https://app.testcenter.kz/auth/>**

1

Өтініштерді қабылдау мерзімі жылына 2 рет жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылғы 1 маусымнан 8 шілдеге дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 28 қазаннан 10 қарашаға дейін

2

Кешенді тестілеу келесі мерзімдерде жүргізіледі:

- 1) күнтізбелік жылғы 20 шілдеден 10 тамызына дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 18 қарашадан 11 желтоқсанға дейін.

3

Магистратураға қабылдау келесі мерзімдерде жүргізіледі:

- 1) күнтізбелік жылғы 15 тамызынан 28 тамызына дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін.

1

**Ғылыми-педагогикалық** магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тестілеуден, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестілеуден, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестілеуден тұратын кешенді тестілеуді (КТ) тапсырады.

2

Оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін **бейінді магистратураға** түсуші тұлғалар таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша кешенді тестілеуді (КТ) тапсырады

3

Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау әңгімелесу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бейінді магистратураға саяси және әкімшілік қызметшілер лауазымдарының тізіліміне, тиісті салалардағы азаматтық қызметшілері лауазымдарының тізіліміне сәйкес басшы лауазымында кемінде бес жыл өтілі бар немесе білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес мамандығы бойынша кемінде оң жыл еңбек өтілі бар тұлғалар ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиялары өткізетін әңгімелесу нәтижелері бойынша ақылы негізде қабылданады.

75 және одан жоғары балл алған кезде үміткердің гранттық қаржыландыру конкурсына өтінім беруге құқығы бар, бұл ретте өтініште білім беру бағдарламаларының бір тобы және 3 қосымша ЖОО көрсетіледі.

Түсу емтиханы - кешенді тестілеу  
Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі - ҚР ҒЖБМ) айқындайтын түсу емтихандарын қабылдау бөлімдерінде өткізіледі.

Кешенді тестілеуді оны тапсырған жылы қайта тапсыруға жол берілмейді.



**Магистратураға түсу кешенді тестілеу нәтижелері бойынша (75 балл және одан жоғары) түсетін тұлғалар ЖОО-ға келесі құжаттарды тапсырады:**

- 1. Ұйым басшысының атына өтініш;**
- 2. Транскриптімен жоғары білім туралы құжат (түпнұсқа + көшірме);**
- 3. Жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі (түпнұсқа + көшірме);**
- 4. Кадрларды есепке алу жөніндегі жеке іс парағы және еңбек қызметін растайтын құжат (еңбек өтілі бар адамдар үшін);**
- 5. 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;**
- 6. 075 / у нысанындағы медициналық анықтама;**
- 7. КТ тапсырғаны туралы сертификаттың көшірмесі;**
- 8. Ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың тізбесі (болған жағдайда);**
- 9. Шет тілін білуін растайтын сертификат (болған жағдайда).**

**Шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттары бар тұлғалар мынадай тілдер бойынша магистратураға КТ-ның шет тілі бойынша тестінен босатылады:**

<b>ағылшын тілін меңгеру бойынша:</b>	IELTS (International English Language Tests System)	6.0
	TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test)	60
<b>неміс тілін меңгеру бойынша:</b>	DSH (Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang)	B2
	(TDF) TestDaF-Prufung	B2
<b>француз тілін меңгеру бойынша:</b>	TFI (Test de Franzais International)	оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес
	DELFL (Diplome d'Etudes en Langue franzaise)	B2
	DALF (Diplome Approfondi de Langue franzaise )	B2
	TCF (Test de connaissance du franzaais)	B2

**Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын ғылыми-педагогикалық  
бағыттағы магистратураға кешенді тестілеуге арналған  
150 балдық бағалау жүйесінің шкаласы**

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Шет тілі бойынша тест	Тыңдалым Лексика-грамматикалық тест Оқылым	Ағылшын/ Неміс/ Француз	50	50	25
Оқуға дайындығын анықтауға арналған тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30	7
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30	7
(ДШЖС ББ түсу үшін тапсырылады: Педагогика, Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі.	бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	20	40	7
Туризм ББ түсу үшін тапсырылады: Экскурсиятану; Туризм негіздері					
<b>Барлығы</b>			130	150	75

## Қазақ және орыс тілдерінде оқытатын бейіндік магистратураға кешенді тестілеуге арналған 70 балдық бағалау жүйесінің шкаласы

Тест түрлері	Тапсырма нысаны	Тапсыру тілі	Тест саны	Балл	Шекті балл
Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тест (ДШЖС БББ түсу үшін тапсырылады: Педагогика, Дене шынықтыру теориясы мен әдістемесі)	бір дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	30	30	7
	бір немесе бірнеше дұрыс жауапты таңдау	Қазақ/ Орыс	20	40	7
<b>Барлығы</b>			50	70	30

КеАҚ ҚазСТА

Жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім беру және мансап бөлімі

Абай даңғылы, 85, 111 каб.,

8727- 292 -30-07, 292-34-43

e-mail: [dskazast@mail.ru](mailto:dskazast@mail.ru)